

"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов селолық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесімен қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтамалар беру бойынша мемлекеттік қызметті көрсету стандартын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 25 сәуірдегі N 200 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 5 маусымда N 13-11-118 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 21 қыркүйектегі N 342 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігінің 2009.09.21 N 342 Қаулысымен**

«Әкімшілік процедуralар туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107-II Заңының 9-1-бабына, «Мемлекеттік қызмет көрсетудің Бір үлгідегі стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 558 қаулысының 2-тармағына сәйкес аудан әкімдігі Қ

### **А У Л Ы**

**Е Т Е Д И :**

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов селолық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесімен қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтамалар беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің қоса берілген стандарты бекітілсін.

2. Аудан әкімдігінің осы қаулысы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн мерзімі өтуі бойынша қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *А. Маковский*  
Аудан әкімдігінің 2008 жылғы  
25 сәуірдегі № 200 қаулысымен  
бекітілді

**Қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтамалар беру туралы мемлекеттік қызмет көрсету стандарты**

### **1. Жалпы ереже**

1. Мемлекеттік қызмет көрсетудің анықтамасы:  
Қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтама беру.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі – жарым-жартылай автоматтандырылған.

3. Нормативтік құқықтық кесім (заңнамалық кесім, Қазақстан Республикасы Президентінің кесімі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кесімі) олар негізінде мемлекеттік қызметтер көрсетіледі.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 Заңының 35-бабы 1 - тармағы 16 ) тармақшасы .

4. Осы мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынатын мемлекеттік органның, мемлекеттік мекеменің атауы:

«Чкалов селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов селосы, Чкалов селолық округі әкімінің аппараты .

5. Тұтынушы алуға көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің аяқталу формасы (нәтижесі): анықтама .

6. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке және заңды тұлғалардың санаттары: жеке тұлғалар .

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімі:

1) Тұтынушыларға қажетті құжаттарды берген күннен бастап мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері: 2 күн;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтудің максималды уақыты: 30 минут ;

3) анықтамалар алу кезіндегі кезек күтудің максималды уақыты: 30 минут.

8. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ақылы немесе тегін екендігін көрсету: Мемлекеттік қызмет көрсету: қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтама беру тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мен қол жеткізілмілігіне талаптар туралы ақпараттық қайнар көзі ретінде міндетті түрде орналастыру орындарын көрсету:

Қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтама беру мемлекеттік қызмет көрсетулердің стандарты Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов селосы мекен-жайы бойынша орналасқан қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтама беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандарты мемлекеттік мекемесінің ғимаратында стенд орналастырылған.

10. Жұмыс кестесі: дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін.

11. Қызмет көрсету орындарының шарттары: «Чкалов селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимаратында, күту залында орындықтар, ақпараттық стендтер ұйымдастырылған.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. Қажетті құжаттар мен талаптардың тізбесін көрсету, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсетулерді пайдалануға женілдіктері бар тұлғалар үшін:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) арызданушының жеke куәлігі.

13. Бланктар беру орындарын көрсету:

Мемлекеттік қызметті алуға қажетті бланктар СҚО Тайынша ауданы Чкалов селосы, Чкалов селолық округі әкімі аппаратының ғимараты мекен-жайы бойынша «Чкалов селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде беріледі.

14. Мемлекеттік қызмет көрсетуді пайдалануға қажетті толтырылған бланктар, қалыптар, арыздар және басқа да құжаттар тапсырылатын жауапты тұлғаның мекен-жайы және кабинетінің нөмірі:

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Чкалов селосы, Чкалов селолық округі әкімі аппаратының ғимараты мекен-жайы бойынша «Чкалов селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне тапсырылады.

15. Мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсыру туралы құжаттың формасы: Анықтама.

16. Қызмет көрсетудің тәсілдері мен нәтижеге жеткізу регламентінің толық тиізбесі:

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Чкалов селосы, Чкалов селолық округі әкімінің ғимараты мекен-жайы бойынша «Чкалов селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне жеке қатынасу.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтату немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін себеп болған негіздердің толық тізбесі:

1) сұрау салынған мәліметтердің болмауы, немесе олардың шаруашылық кітапқа сәйкес келмеуі.

## **3. Жұмыс принципі**

18. Қызмет көрсетулерді тұтынушыларға қатысты мемлекеттік орган басшылық ететін жұмыс принциптері:

Мемлекеттік қызмет көрсетулерді пайдалануға арызданған азаматтар:

1) анықтама беру тәртібі туралы толық және нақты ақпарат алуға;  
2) мамандардың әдептілігіне, жауапкершілігіне және кәсіби лігіне;

3) өтінішті тегін алуға;

4) сұрау салынған мәліметтерге түсініктеме алуға арқа сүйей алады.

## **4. Жұмыс нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері осы стандарттың қосымшасында көрсетілген сапалылық пен қол жеткізушілік көрсеткіштерімен өлшеннеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе басқа да субъектілердің жұмыстары бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетулердің сапасы мен қол жеткізушілігінің көрсеткіштерінің мақсатты тағайындалуы жыл сайын арнайы құрылған жұмысшы топтармен бекітіледі.

## **5. Шағымдану тәртібі**

21. Уәкілдегі лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағымдар дайындауға көмектесетін (көмектеспейтін) мемлекеттік органның электрондық пошта мекен-жайын, телефон шалуларды өңдеу орталығының телефон нөмірлерін (сайт-орталықтар), немесе лауазымды тұлға кабинетінің нөмірін көрсету.

Лауазымды тұлғаның әрекетіне шағымдану Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Чкалов селосы, Чкалов селолық округі әкімінің ғимараты мекен-жайы бойынша «Чкалов селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысына арыздану арқылы іске асырылады.

22. Шағым түскен мемлекеттік органның атауы, электрондық поштасының мекен-жайы, немесе лауазымды тұлға кабинетінің нөмірі:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, № 197, 9 кабинет, немесе аудан әкімінің орынбасары мекен-жайы бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты».

23. Қабылданған шағымдарды растайтын және берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны, шағымды қарау барысында білуге болатын лауазымды тұлғалардың байланыс мәліметтері қаралатын құжаттар атауы:  
Үзінді талон.

## **6. Байланыс ақпарат**

24. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның және жоғары тұрған үйімнің байланыс мәліметтері:

«Чкалов селолық округі әкімінің аппараты», Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Чкалов селосы, Чкалов селолық округі әкімінің аппараты.

Селолық округтің әкімі: телефон (8 71536) 55333, Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы, Чкалов селосы, Чкалов селолық округі әкімі апаратының ғимараты.

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі – Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, № 197, телефон (8 71536) 21665, электрондық пошта мекен-жайы: [tajnsha.akimat@sko.kz](mailto:tajnsha.akimat@sko.kz).

Мемлекеттік  
стандартына  
(тізілім бойынша мемлекеттік қызметтің атауы)

қызмет

көрсетудің  
қосымшасы

## Таблица. Сапа мен қол жеткізушилік көрсеткіштерінің мағынасы

Сапа мен қол жеткізушилік көрсеткіштері	Көрсеткіштердің норматив-тік мағынасы	Келесі жылдағы көрсеткіштердің мақсатты мағынасы	Есеп беру жылдағы көрсеткіштердің ағымдағы мағынасы
1	2	3	4
<b>1. Дер кезділік</b>			
1.1. Құжатты тапсырған кезден бастап белгіленген мерзімге қызметтер көрсетудің % (үлесі) жағдайлары	100	100	
1.2. Кезекте 40 минуттан астам қызмет көрсетуді пайдалануды күткен тұтынушылар % (үлесі)	100	100	
<b>2. Сапа</b>			
2.1. Қызмет көрсетулер үрдісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)	100	100	
2.2. Лауазымды тұлғалармен құжаттарды дұрыс рәсімдеу жағдайлары (өндірістік есептеулер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	100	100	
<b>3. Қол жеткізушилік</b>			
3.1. Қызмет көрсетулер тәртібі туралы ақпаратка және оның сапасына қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)	100	100	
3.2. Тұтынушылармен дұрыс толтырылған және бірден тапсырылған құжаттар жағдайлары % (үлесі)	100	100	
3.3. Интернет арқылы қол жеткізе алатын ақпараттар қызметі % (үлесі)	100	100	
<b>4. Шағымдану үрдісі</b>			
4.1. Іс бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдар % (үлесі)	100	100	
4.2. Белгіленген мерзімде қаралып және қанағаттандырылып негізделген шағымдар % (үлесі)	100	100	
4.3. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)	100	100	
4.4. Шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)	100	100	

5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдық сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)	100	100	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК